Тексердім: 08.11.2021ж.

**Мектеп директорының**

**оқу-ісі жөніндегі орынбасары**
**Жакиенова А.С** ______

**Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**

**Бір аптаға (08.11-12.11.2021 жыл)** Өтпелі тақырып «**Туған өлке байлықтары**»

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.**<br>Таң ертеңгі гимнастика | **09:30**<br>**09:45** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел, елбасы, рәміздер туралы әңгімелесу, жағымды Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әр түрлі ойындар ұйымдастыру.<br>**Жаттығулар кешені**<br>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| **Ойындар Ұйымдас тырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **09: 45**<br>**09: 50** | Жүрейікті жарқа Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап | Сәлем саған жер-ана<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық<br>Бейбітшілік қалайық | Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректі<br>Сөздің бәрі ақ тілек. | Ақылы бар баласың<br>Айтқан тілді аласың<br>Намысты болып өсе берсең<br>Нағыз адам баласың! | Біз ұқыпты баламыз Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз. |
| **ҰОҚ кестесі** | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Сурет салу**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Бояулар құпиясы (в/бөлім)** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру**<br>**Жапсыру**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Жаратылыстану**<br>**Музыка**<br>**Ойнайық та ойлайық (в/бөлім)** | **Орыс тілі**<br>**Математика негіздері**<br>**Мүсіндеу**<br>**Қауіпсіз мінез құлықтары /Дене шынықтыру** | **Көркем әдебиет**<br>**Музыка**<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Ертегілер әлемі (в/бөлім)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастыр-ылған оқу қызметі** | **10: 00**<br>**10: 25** | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Анама бәрін арнаймын**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу<br>**Күтілетін нәтиже:** Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізеді.<br>Балалар Сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме? Не үшін жақсы көресіңдер? Ол қандай адам? - Балалар, сендердің аналарың қазір қастарыңда, ал сендер үлкен болып өскенде, оқу, білім, өнер қуып жан-жаққа кетесіңдер, сол кезде аналарыңмен жиі хабарласып тұруды ұмытпаңдар. Мен қазір анамды қатты сағынып жүрмін. Ол кісі ең мейірімді, ең сұлу, ең еңбекқор адам. Мен анамды қатты жақсы көремін. - Сендердің қандай істеріңе қатты ренжиді? - Ал қандай істеріңе жеріңізге қатты қуанады? - Сен анаңды жиі қуантасың ба? - Үй шаруасында аналарыңа қандай көмек бересіңдер? Балалар өз аналары туралы әңгімелеп береді. Үй шаруасында анаңа қандай көмек | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Мектепке жол.**<br>**Л дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту<br>**Күтілетін нәтиже:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айтады.<br>Шаттық шеңбері<br>Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге. Күн сәулесін төгеді. Балалармен мектепке барар жолы туралы әңгіме жүргізеді. Жолдарында қандай ғимараттар кездесетіні, қандай жолмен жүретіндері сұраймын. Жолда жүру ережесін қатаң сақтау керктігі ескертемін. 1-тапсырма. Лаққа көмек керек. Лақты мектебіне қысқа жолмен жеткіз. Балалар суретке қарап отырып өз ойларын айтады. Балалар лаққа көмектесу үшін жолдарды таңдайды. Лақ сөзін айтып, бірінші естілген дыбысты қайталатады. Суреттен Л дыбысы естілетін | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Мен үлгілі баламын. Р дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстау<br>**Күтілетін нәтиже:** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстайды.<br>Пікір алмасу сұрақтары. Бұл суретте не болып жатыр? Сөздерді пайдаланып, әңгіме құрастыр. Раушанға қалай көмек береміз?<br>Р әрпі тағы қай затқа ұқсайды?<br>1-тапсырма Бұл суретте не болып жатыр? Балалардан суреттегі көріністі әңгімелеуді сұраймын. Балалар қарғаның дыбысын келтіреді. Суреттегі заттарды атайды.<br>Р дыбысы естілетін сөздерді анықтайды.<br>2-тапсырма Суреттегі бала санын анықтайды. Санды көрсетеді (төрт)<br>3-тапсырма Р әрпінің баспа түрімен танысады. Р дыбысының айтылуын үйренеді(Р – тілдің алдымен және дірілмен айтылады). | **1. Русский язык**<br>**Семейный дастархан.**<br>**Цели обучения данного ОУД:** внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, ис-пользуя образец, мимику, жесты. **Предполагаемый результат:** внимательно слушает и отвечает собеседнику короткими фразами, ис-пользуя образец, мимику, жесты.<br>Организационный момент.<br>Дети стоят в кругу<br>солнце яркое встает<br>Лучики свои нам шлет.<br>руки к солнцу мы протянем,<br>Здравствуй, солнышко, мы скажем!<br>ребята, давайте поздороваемся друг с другом как птич-ки носиками, как рыбки бок о бок, как зайчики хвости-ками.<br>Посмотрим друг другу в глаза и улыбнемся. как называется республика, в которой мы живем? (казахстан)<br>издавна казахский народ славится своим гостеприим-ством. | **2.Көркем әдебиет**<br>**Тату доспыз бәріміз.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Шағын өлеңдерді мәнерлеп жатқа айту<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Шағын өлеңдерді мәнерлеп жатқа айта алады.<br>Сурет бойынша Әліппе-дәптермен жұмыс:<br>– Суретте не болып жатыр?<br>– Суретке тақырып ойлап тап.<br>– Суретте ұлдар мен қыздар не істеп жүр?<br>– Олар бір-бірімен қалай ойнап жатыр?<br>– Балалардың қолдарында қандай ойыншықтар бар?<br>– Олардың көңіл күйлері қандай?<br>– Сендер достарыңмен қалай ойнайсыңдар?<br>(Ұ) Педагог Фариза Оңғарсынованың «Тату доспыз бәріміз» өлеңін ұсынады Өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді.<br>Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| **Серуен** | 11:05 | Балаларды далаға таза ауаға, жүйпуякқа шығарып, серіппін келемін.<br>Картотека №1 | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.** | 11:10<br>11:35 | **3. Дене шынықтыру**<br>**Қимыл-қозғалыс пен көңіл күйді жақсартамыз**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен иығынан лақтыру<br>**.Күтілетін Нәтиже:**<br>қолына доп ұстап жанымен жүру-қолға доп ұстап бір жанымен алдыңғай жүру, содан кейін артымен бұрылып доп алып кері жүру, содан кейін қайта бері бұрылу. Барлық дене мүшелеріне күш түсіруге назар аудару - шынықкан бұлшық еттер фигураның барынша айқын кескінін көрсетеді.<br>5 метр қашықтыққа екі тізе арасына доп қысып секіру.<br>Нұсқау – екі тізені біріктіріп, қолды барынша сермей отырып қос аяқпен қарғу.<br>Арасының 1 метр қашықтықта бір<br>Арасының 1 метр қашықтықта бір қатарға орналастырылған кедергі заттар арасымен оң және сол қолмен доп домалату.<br>Нұсқау – саусақтарға қатты күш салмай допты итеру.<br>«Жылдам доп» қимыл ойыны<br>Оң және сол қолмен кезекпен допты жерге соғу. Нұсқау – доптың үстінен саусақтарды жаза отырып алақанмен жеңіл соғу. | **3.Жапсыру**<br>**Алтын балық**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау .<br>**Күтілетін Нәтиже:** Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсайды. Аппликация жасау технологиясы. Балаларға алгоритм бойынша жұмыс жасауды ұсынамын. Барлық төрт бұрышты бірқалыпты дөңгелете отырып, шаршыдан (8х8 см) шеңбер қиып аламыз. Бұрыштарды шаршының бір жағының ортасынан екінші жағының ортасына қарай бірқалыпты дөңгелете отырып қиылады. Балықтың денесі дайын болды. Қағазды екіге бүктейміз (1,5х1,5 см) және екі домалақтың суретін салғанда көздері пайда болды. Оларды қиып алып, балықтың денесіне жапсырамыз. Қанаттары мен құйрығы үлгі қалыптың көмегімен немесе шеңберлерден жасалады. Бөліктерді аквариумның әзірлемесіне орналастырамыз, орналасуын есте сақтап, жапсырамыз. Алдымен ірілеу бөліктерді, одан кейін ұсақтауларын. Оның аузын салуды және жапына допын орналастыруды ұсынамын аппликацияда жануарлардың дене мүшелерін дұрыс орналастыруға көмектеседі. Тәрбиеленушілерді жұмысты тез, тиянақты істеуге, қиюдың тиімді тәсілін пайдалануға, қағазды орынды жұмсауға, жұмыс орнын ұқыпты ұстауға бағыттайды. | **3.Музыка**<br>**Біз өнерпаз баламыз.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына Ұзақтығын қаттылығына тембріне қарап ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына Ұзақтығын қаттылығына тембріне қарап ажырату.<br>Музыка тыңдау: «Лейлім шырақ» Әнді тыңдап, сипатын анықтайды, мазмұны туралы әңгімелейді, қарапайым пікірлерін ортаға салады<br>– Қандай халық әндерін естідіңдер?<br>– Отбасыңда халық әнін орындайтын өнерпаз бар ма?<br>Осындай сұрақтар қою арқылы сөздік қорларының жетілуіне әсер ету.<br>1-сабақ, айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Әндегі кейіпкердің қандай өнерпаз екенін анықта.<br>Әр өнерпаздың қажетті заттарын сызықпен қос. «Жан сырым» әнінің көңіл күйіне, бояуына (тембріне) қай түс сәйкес келеді? Белгіле.<br>Бұл қандай музыкалық аспап?<br>Суретті аяқта, қалағын түске боя. | **3.Мүсіндеу**<br>**Ермексаздан жасалған құндырғі шаралар.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану.<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдаланады. 1. Дөңгелек қатырғы қағазды сулап, оған жасыл қамырды жаймалап жабыстырамыз. Фольгадан диаметрі 5 см-ге жуық шар жасаймыз. 2. Түрлі түсті қамырды фольгадан жасалған шарға тегістеп жапсырамыз. Жапсырылған қабаттың қалыңдығы шамамен 0,5 см болуы тиіс. Шарды алақанымызға салып домалатып, тегістейміз. 3. Аяқтарды жасау үшін түрлі түсті қамырдан 4 бірдей шарды домалақтап аламыз. 4. Шарды бір жағынан саусақпен ақырын қысып тұрып үстел үстінде домалатамыз. Тамшы тәріздес пішін шығару қажет. 5. Алақанды сулап, тамшы тәріздес екі бөлшекті соған орналастырамыз. 6. Аяқтарға шарды жабыстырамыз. 7. Шардың қаптамына тағы екі тамшыны жапсырамыз. Бұл – қошқары. 8. Құлақтарына арнап екі тамшы жасаймыз. Тіс шұқығышты ортасынан бөліп, үшкір жағымен шарға қадаймыз. 9. Жасаған тамшыларымызды соған орнатып, бекітеміз. 10. Содан соң көздерін жасаймыз. Ол үшін боялмаған қамырдан кішкентай екі шар жасап аламыз. Содан соң оны басқа жапсырамыз. Есіңізде болсын, Смешариктердің көздері бір-біріне жақын орналасқан. 11. Көздің ортасына домалақ қара бүрмін жапсырамыз. Мұрнын түрлі түсті қамырдан жасаймыз | **3.Өзін –өзі тану Жүрегімде жақсылық**<br>*Шаттық шеңбері*<br>*Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкімmenен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек?*<br>*Көңілді боп жүрейік!*<br>**Әңгімелесу.** Жақсылық дегеніміз –айнала қоршаған ортаға, адамдарға деген қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік, таныту, жақсы іс жасау. Ал осы айтқан қайырымдылық, ізгілік, мейірімділік сияқты қасиеттер бойындағы бар адамды – жақсы адам дейміз.<br>**Әңгімелеу.**<br>Қ Көшімбетұлы «Өзім жүрем» «Катя мен Маша» әңгімесін балаларға оқып беру<br>Дәурен қандай бала?<br>Үйлеріңде үлкендерге қалай көмектесесіңдер?<br>Сендер өз іні – қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесіңдер?<br>Катя қандай қыз?<br>«Нағыз адамдық - өз ойың мен ісіңді жақсылыққа бағыттай алу» деген нақыл сөз өте орынды айтылған. Нақыл сөзде айтылғандай күнделікті өмірде әрбір ісімізде, ниетімізді тек қана жақсылыққа бағыттай алсақ,бізді қоршаған орта,туған жерімізді көркейіп, туған-туыстарымыз,достарымыз өздерін бақытты сезінеді.<br>Ылғи жақсы ниетте болып, өзіңе де өзгелерге де жақсылық ойлайтын адам жақсы адам. Ондай адамды ақ көңіл адам, жақсы адам дейді.Олар өзгенің жетістігіне, қуанышы, бақытына өз жетістігі мен игілік-бақытындай қуана алады. Басқаларға көмектесуге, көңілдерін көтеріп,шаттандыруға, қиындықта көмектесуге әзер тұрады.<br>**Жүректен жүрекке.**<br>«Балдырғандар» өлеңін балаларға орындату. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 11:45<br>12:10 | 4 Бояулар қаласы В.бөлім | **4. Қауіпсіз мінез- құлық негіздері.**<br>**Күн тәртібі дегеніміз не?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Күн тәртібі, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртібін сақтаудың қажеттілігін түсіну.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Күн тәртібі, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртібін сақтаудың қажеттілігін түсінеді.<br>ақпарат: Ұйқыдан оянған соң бірден төсектен тұруға болмайды, өзіңе және организмнің оянуына көмектесуің керек, ол үшін керіліп-созылып, ұзақ ұйқыдан соң омыртқа үшін кішігірім жаттығу жасауға болады. Ал сенің күлкің жақындарың мен туыстарыңды қуантады. Таза ауа сенің бөлмеңді толтырып, сергітеді және сен толықтай оянасың. Таңғы жаттығу дегеніміз не? Мектепте ертеңгілік жаттығуды не үшін орындау керек? педагог ақпараты: Таңғы жаттығу (дене шынықтыратын қимыл жаттығулары) – бұл таңғы уақытта, ұйқыдан тұрғанда, ҰОҚ алдында жасалатын дене жаттығуларының жиынтығы.<br>Жаттығу оны орындаған адамды қуаттандырады. Жаттығу барысында орындалатын қимыл-қозғалыстар адамды күнбойынақуаныңқуатпен, көтеріңкі көңіл күймен, сергектікпен және денсаулықпен қуаттандырады. Барлық адамдар тісін тазалайды, жуынады, кеңшілігіңдушқабылдайды, кейбіреулер сумен шынығады.Денсаулықты нығайту үшін сумен шынығудың әсері қандай екенін біз білеміз. Сумен, ауамен, күнмен шынығу бізге жиі ауырмауға көмектеседі. | **4.Ойнайық та,ойлайық.**<br>**(В. Бөлім)** | **4. Дене шынықтыру**<br>**Қимыл-қозғалыс пен көңіл күйді жақсартамыз**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>қолына доп ұстап жанымен жүру– қолға доп ұстап бір жанымен алдыңғай жүру, содан кейін артымен бұрылып доп алып кері жүру, содан кейін қайта бері бұрылу. Барлық дене мүшелеріне күш түсіруге назар аудару – шынықкан бұлшық еттер фигураның барынша айқын десінін көрсетеді.<br>5 метр қашықтыққа екі тізе арасына доп қысып секіру.<br>Нұсқау – екі тізені біріктіріп, қолды барынша сермей отырып қос аяқпен қарғу.<br>Аралығы 1 метр қашықтықта бір<br>Аралығы 1 метр қашықтықта бір қатарға орналастырылған кедергі заттар арасымен оң және сол қолмен доп домалату.<br>Нұсқау – саусақтарға қатты күш салмай допты итеру<br>«Жылдам доп» қимыл ойыны<br>Оң және сол қолмен кезекпен допты жерге соғу. Нұсқау – доптың үстінен саусақтарды жая отырып алақанмен жеңіл соғу | **4.Ертегілер әлемі. В.** |
| Балалардың үйге қайтуы | 12-05<br>12-10 | Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу | Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту. | Балалардың тазалығына көңіл бөлу. | Балалардың оқу қызметін үйде қадағалау. | Балалардың үйде ойынын қадағалауды ата –аналарға айтамын. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2-тапсырманы орындау ұсынылады. 3-тапсырма- «реттілік» ұғымын бекітуге арналған<br>алдыңғы не болатынын, содан кейін не болатынын айтып беруді сұрайды.<br>Талқылаудан кейін балалар тапсырманы өз бетінше орындайды. | |
| Серуен | 11:05 | Балаларды далаға таза ауаға, күншуаққа шығарып, сергітіп келемін.<br>Картотека №1 | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі. | 11:10<br>11:35 | **3. Дене шынықтыру**<br>**Қысқы табиғаттың ғажайып әлемі.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Аппақ, аппақ жапалақтап<br>Қар жауады тынбастан<br>Қалың орман қар жамылған<br>Мауықпайды қысқы орман<br>Ойын<br>«Ізбе-із»<br>тепе-теңдік арлығы бір аттам етіп орналастырылған<br>іздермен залдың қарсы бетіне жүру<br>«Дыбысыңды білдірмей өт» қимыл ойыны<br>Ойынға қатысушылардың бірнеше жұбы қақпа құрап<br>тұрады. Олардың көзі таңылады. Қалған балалар осы<br>«қақпалар» арқылы өтуі тиіс. Қақпалан бір бүйірлеп,<br>еңкейіп немесе «қақпаны» айналып еңбектеп өту керек, бі-рақ жүгіруге болмайды.<br>«Қақпа» болып көздері жабық тұрған балалар сәл дыбыс<br>естісе, қолдарын көтеріп, оңға, солға қозғалып, өтken-дерді ұстауға тырысады. Ұсталып қалған бала ойыннан шығады. | **3.Жапсыру**<br>**Мал қорасында.**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиылған контур бойынша сұлбаларды қию<br>**Күтілетін Нәтиже:** Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиылған контур бойынша сұлбаларды қияды.<br>Аппликацияны орындау технологиясы Бұл бейнені жасау процесін, жапсырманы орындау ретін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады.<br>Жұмыс реті орындаудың барлық кезеңдері бейнеленген схемалар түрінде тақтада көрсетіледі.<br>Тәрбиеленушілер әзірлеменің жиегіне ғана желім жағып, параққа жасыл фон жапсырады. Содан кейін трафареттер мен үлгікалыптарды таңдап, жай қарындаш көмегімен белгілі бір түрлі түсті қағазға бастырып сызады. Оны қайшының қозғалысын үзбестен қияды. Қиып алынған дайындаманы алдын ала ойластырып алып, кезектілікпен жапсырады. | **3.Музыка**<br>**Отбасым- бақытым**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салады.<br>Сәлеметсіңдерме балалар –<br>Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? –<br>Отбасыларында кімдер бар? –<br>Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды. Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ. ) Музыка тыңдау: «Бесік жыры». Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беремін. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұраймын. Сенің отбасыңда қандай отбасылық мерекені атап өтеді? «Өнерлі отбасы» атану үшін отбасы мүшелеріне қандай сыйлық заттар жасынар едің? Бесік жырының әуені қандай? Дауыс биіктігі қандай? Жоғары ма әлде төмен бе?<br>Суреттегі қай жануардың дауыс биіктігі, ырғағы бесік жырының әуеніне ұқсайды? Ән кімдер туралы? Апаң мен әжеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Әженің кимешегін әшекейлеуге көмектес. Ою-өрнекті боя. Музыкалық аспаптарды ата. Ұрмалы аспаптарды қызыл түспен, ал ішекті | **3.Мүсіндеу**<br>**Құлдыр-құлдыр, құлыншақ**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.<br>**Күтілетін Нәтиже:** Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіреді.<br>«Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру және көрсету»<br>Мүсінші Ермек: Ермексазды бөліктерге бөлеміз.Денесін цилиндр пішіндес етіп жасаймыз.<br>Сирақтары – конус тәріздес, денеге жапсыруға ыңғайлы болуы үшін әр конустың бір шетін кесіп тастаймыз.<br>Басы, құлақтары иілген конус пішіндес.<br>Құлақ, құйрығы мен жалы, айшары сияқты ұсақ бөлшектерін әзірлейміз.Барлық фигураларды бір-бірімен біріктіріп, біріккен жер-лерін мұқият тегістеп шығамыз. Ойын-жаттығу: «Сен білесің бе?»Ермексазбен және кескішпен жұмыс істеу тәртібі:<br>1. Ермексазды пайдаланғанда мұқият болу, үстелді, киімді былғамау, арнайы тақтайша үстінде мүсіндеу, ермексазды аузыға салмау.<br>2. Пластмасса кескішпен (стек) жұмыс істегенде абай<br>болу, құралды ұстап тұрған қолыңды әрі-бері сермеуге болмайды – бұл біреуді жарақаттауы мүмкін | **3.Өзін –өзі тану**<br>**Жақсы сөз жанды жадыратады**<br>**Білім беру саласы:** Әлеуметтік<br>**Бөлімі:** Өзін – өзі тану<br>**Оқу қызметінің тақырыбы:** Жақсы сөз жанды жадыратар.<br>**Мақсаты:** балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру<br>**Міндеттері :** адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- өзіне деген сенімділігін дамыту;<br>- өзін-өзі тани білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу;<br>**Оқу қызметінің көрнекілігі:** дәптер, түрлі-түсті қалам.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>*Шаттық шеңбері:Апаң сенің базардан*<br>*Алма сатып әкелді.*<br>*Ең үлкенін,жақсысын*<br>*Саған таңдап әперді.*<br>*Не деп барып жеу керек?*<br>**Әңгімелесу.**<br>-Балалар, қазір орындаған «Не деу керек?» өлеңінен не түсіндіңдер? Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сәлеметсіз бе, кешіріңіз, сыпайлық, әдептілікті, рақмет деген сөздері.<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар! Бұл өлеңнен сыпайылық және әдептілікті білдіретін сөздерді есімізге түсірдік.<br>Сендердің өлеңдегі бала сияқты жолдастарың бар ма? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Отбасыларында ата-аналарын немесе туысқандарын сендерге қандай жақсы, жылы сөздер айтады?<br>**Әңгімелеу.** Балаларға «Сыпайы қоян» ертегісін оқып беру. Ертегі бойынша сұрақтар қойды.<br>-Қоянды көтерден не құтқарды?<br>-Жылан неліктен қоянға тиисді?<br>Б.Әбіловтің «Жақсы мен жаман» әңгімесін әңгімелеп беру.<br>- Гүлдің жабырқауына не себеп болды?<br>- Арам шөптің қылығын қалай бағалар едіңдер?<br>**Ғажайып сөздер.**<br>Жолың болсын;<br>Құтты болсын;<br>Аман бол;<br>Қайырлы күн;<br>Күнің сәтті болсын;<br>**Ойын.** «Не деу керек?»<br>«Жақсы сөз жанды жадыратады», біз бүгін бір – біріміздің жақсы қасиеттерімізді айттық. |
| | 11:45<br>12:10 | | **4. . Дене шынықтыру**<br>**Жандіктер әлемі.**<br>**ҮОҚ-ның мақсаты:**<br>Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау.<br>**Күтілетін Нәтиже:** Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындайды. Еркін түрде орындық үстімен еңбектеу<br>«құрт»<br>Құрттың ағаш діңімен қалай өрмелейтінін көрсету туралы тапсырма беріледі. Қозғалыс сапасын жақсарту әдістеріне назар аударылады – денені тырыстыра жиыру, аяқ башпай-ларын созу, денені барынша тік созу, иілу, тоңтасу.<br>Қауіпсіздік техникасы туралы ескертеді, қажет жағдайда сақтық шаралары қолданылады.<br>«шегірткелер»<br>Залдың бір жағынан екінші жағына қос аяқтап секіріп бару.<br>Нұсқау – қолды сермей отырып барынша секіріп қарғу, секіру санын азырақ жасауға тырысу. «Ара» Ойынға қатысушылар шеңбер жасап отырады да, доп домалатады. Олар допты қолмен бір екінімен | **4.Ойнайық та , ойлайық (В. Бөлім)** | **4. Дене шынықтыру**<br>**Жыл мезгілдері.**<br>**ҮОҚ-ның мақсаты:** Секірудің алуан түрлерін орындау, өзгермелі жағдайларда секіру.<br>**Күтілетін Нәтиже:** Секірудің алуан түрлерін орындап, өзгермелі жағдайларда секіру. Бір қатар сапқа тұру. Жай адыммен жүру. Тізені көтеріп жүгіру. Аяқ ұшымен, өкшемен жүру. Томар арасымен<br>кедергілер өтіп «жылан» ирелеңмен жүгіру. «Көктемге саяхат» 4 қатар сапқа тұру«Жылы жаңбыр» (топырақты дымқыл дақтырады, шөп<br>пен жапырақтарды шаң-тозаңнан арылтады, жаңбыр тамшыларымен<br>ойнау).Жаңбырдан соң ауа тазарды Осы таза ауамен тыныстау ұсынылады.<br>2. «Әдемі кемпірқосақ» (алуан түрлі түске енің, полиэтилен түрлендірді).<br>3. «Өсімдіктерге жан бітті» (ағаш, шөп, гүлдер күнге қарай созылды).<br>4. «Құстардың аспанда қалықтауы» (жайылып құстар қанаттарын самғап бірде жоғары, бірде жер | **4. Ертегілер әлемі.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | баланың аяғына тигізуге (шағып алуға) тырысады. Доп тиген (араның тұмсығы кірген) бала теріс қарап отырады да, келесі бір баланы ара шаққанша ойынға қатыспайды. Ол доп тиген келесі бала теріс қарап отырғанда қайта ойынға қосылады. «Өрмек» – жұппен массаж жасау «Өрмекші өрмек тоқиды. Алдында тұрған баланың арқасынан жұмылған қолының саусақ сүйектерімен дөңге-лете жүргізеді. | | 5. «Айдар ұйқыдан оянды» (ұзақ ұйқыдан кейін керіліп-созылады). 6. «Көбелектер» (гүлді айнала ұшып, гүлге қонады, нәрін сорып, гүлден-гүлге қонады). 7. «Шеңге жетамыз» (табиғатты тамашалаймыз). 5 метр қашықтықтан тік нысанаға қар лақтыру. Жұмыр қарды қалай ұстайтындарына көңіл бөлінеді: үш саусақ доптың артында, бас бармақ пен шынашақ бүйірінс келеді. Бір аяқтап және екі аяқтап ырғақпен алма-кезек секіру Нұсқау – шеңбер ортасына түсу. Түгел табанмен тұрмай, аяқ ұшына сүйене отырып серпілу. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | 12-05 12-10 | Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу | Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту. | Балалардың тазалығына көңіл бөлу. | Балалардың оқу қызметін үйде қадағалау. | Балалардың үйде ойынын қадағалауды ата –аналарға айтамын. |

**Мектеп директорының**

Мектеп директорының

оқу-ісі жөніндегі орынбасары
Жакиенова А.С.

**Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**

**Бір аптаға (22.11-26.11.2021жыл)**

Өтпелі тақырып «**Алуан, алуан кәсіп бар таңдай біл де талап қыл**»

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалар ды қабылдау**<br>Таң ертеңгі гимнастика | **09:30**<br>**09:45** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел, елбасы, рәміздер туралы әңгімелесу, жағымды Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әр түрлі ойындар ұйымдастыру.<br>**Жаттығулар кешені**<br>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| **Ойындар Ұйымдас тырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **09: 45**<br>**09: 50** | Жүрейікші жараса Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап | Сәлем саған жер-ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық<br>Бейбітшілік қалайық | Адал жақсы ниетпен<br>Әр адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректі<br>Сөздің бәрі ақ тілек. | Ақылы бар баласын<br>Айткан тілді аласын<br>Намысты болып өссеңсен<br>Нағыз адам боласың! | Біз ұқыпты баламыз Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз. |
| **ҰОҚ** кестесі | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Сурет салу**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Болулар құпиясы (в/бөлім)** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру**<br>**Жапсыру**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Жаратылыстану**<br>**Музыка**<br>**Ойнайық та ойлайық (в/бөлім)** | **Орыс тілі**<br>**Математика негіздері**<br>**Мүсіндеу**<br>**Қауіпсіз мінез құлықтары /Дене шынықтыру** | **Көркем әдебиет**<br>**Музыка**<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Ертегілер әлемі (в/бөлім)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастыр-ылған оқу қызметі** | **10: 00**<br>**10: 25** | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Ағайынды екеуміз**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Берілген тақырып аясында диалогке қатысу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Берілген тақырып аясында диалогке қатысады.<br>Шаттық шеңбері.<br>Біз бақытты баламыз<br>Үлкеннің тілін аламыз<br>Оларға көмектесеміз<br>Келгенінше шамамыз.<br>- Балалар, үйдегі бауырларыңмен бірге бос уақытты қалай өткізесіңдер?<br>- Оларға қандай көмек көрсетесің?<br>- Бірге жүргенде не істейсіңдер?<br>-Сен өз отбасыңда кімдерге қамқор бола аласың? Саған кім қамқорлық жасайды?<br>- Ағайынды балалар үйде жалғыз қалғанда не істейсіңдер?<br>- Есікті бөтен біреу қақса не істейсіңдер?<br>- Қандай қауіпсіздік ережесін сақтайсыңдар? | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Менің оқу құралдарым.**<br>**О дыбысы мен әрпі**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>1-тапсырма<br>Балалар суреттегі заттарды атайды. Асқарға көмектесу үшін оқу құралдарын тауып аттарын атайды.<br>ортада тұрған портфельге назар аударып, дыбыстап айтады. Ортадағы оқушы портфелін қайып қою. Балалар педагог сөзін қайталайды.<br>Сөйлемдегі әр сөздегі О дыбысы естілген буынын көтеріп айтады.<br>– Қай заттар сөмкеге салынбай қалды?<br>Суреттегі заттардың атауларын атайды.<br>Оларды атау кезінде О дыбысы қай сөздерде | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Мектеп кітапханасында. Т дыбысы мен әрпі**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысады.<br>1-тапсырма<br>– Кітапхана деген не? (Балалар сұраққа жауап береді. Балалардың жауаптарын толықтырып, кітапхана туралы білімдерін кеңейтеді).<br>Суреттегі заттарды атайды.<br>Суретке қарап, т дыбысы бар зат атауларын ата.<br>Кітапхана мен кітап дүкенінің қандай айырмашылығы бар?<br>Балалар өз ойларын айтады. 2-тапсырма. суретте берілген 4 кітаптың мұқабасын көрсетеді.<br>Мұқаба сөзінің мағынасын түсіндіреді. Балалардан мұқабадағы суреттер туралы сұрайды.<br>Мұқабадағы суреттерге қарап кітаптың не | **1. Русский язык**<br>**Мне нравятся зима и лето.**<br>**Цели обучения данного ОУД**<br>Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам.<br>**Предполагаемый результат:**<br>Понимает значение часто повторяющихся слов по лексическим темам.<br>Предлагаю рассмотреть иллюстрацию и опреде-лить, где какое время года.<br>Я раскрываю почки в зеленые листочки,<br>деревья одеваю, посевы поливаю движения полна, зовут меня…(весна)<br>Работа в азбуке-тетради.<br>задание № 1. рассмотри картинки.<br>Послушай, повтори.<br>так что же такое весна? (ручьи бегут, снег тает, ярко светит солнце, распускаются листья на деревьях и т.д.) Азбука-тетрадь.<br>Прошла по лугам, по лесам, по полям<br>Припасы она заготовила нам, | **1.Көркем әдебиет**<br>**Айтшы әжетай!**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:**<br>Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айтады (ұнайды, неліктен ұнамайды) Балаларға Жақан Смақовтың «Айтшы, әжетай!» өлеңін ұсынады.<br>Сөздік жұмыс:<br>Қаракөл қой– қойдың бір түрі.<br>Табын – көп жылқы.<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Балалар, өлең сендерге ұнады ма?<br>– Өлеңде кімдер туралы айтылған?<br>– Өлеңдегі қай кейіпкер саған ұнады?<br>– Бала әжесінен нені сұрады?<br>– Әжесі қандай жауап берді?<br>– Атасы кім болып жұмыс істейді? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
